

25 ақпан  
сейсенбі,  
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАР ДАЯРЛАУ

### ОЙЫЛ КӘСІПТІК КОЛЛЕДЖІНІҢ ДЕ ҮЛЕСІ ЖӨП

**МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - ӨЗІҢЕ ҰНАЙТЫНДАЙ ӨМІР СҮРУДІҢ АЛҒЫШАРТЫ БОЛУЫ КЕРЕК. ЯҒНИ, МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ СЫНДАРЛЫ ШЕШІМ. ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН 2025 ЖЫЛ ҚАЗАҚСТАНДА «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» БОЛЫП ЖАРИЯЛАНДЫ. ОСЫ «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР САНАТЫНА КІМДЕР КІРЕДІ? ОЛ МАМАНДАРДЫ КІМДЕР ДАЙЫНДАЙДЫ?» ДЕГЕН ЗАҢДЫ СҰРАҚ ТА ТУАДЫ.**



Қала баласы үйден шыққан қоқысты ауладағы жәшікке салуды жұмыс көрсе, ауыл баласын «үйренгені өзіне жақсы» деп бұғанасы бекігеннен бастап жұмсайды. Демек, жұмысшы мамандығы ауыл баласы үшін таңсық емес. Баланы отбасында ата-анасы еңбекке баулып, жұмсап тәрбиелесе, қоғамға, мемлекетке қажетті маманды негізінен қазір арнаулы колледждер дайындайды. Өйткені, қоғамның дамуы мен экономиканың тұрақтылығы білікті жұмысшыларға тікелей байланысты. Ғалымдар қанша мықты жоба жасаса да, оны іске асыратын – қолында кәсіби құралы бар шебер мамандар.

Солардың бірі - Ойыл кәсіптік колледжі. Әуелгіде кәсіптік училище болып ашылғандағы мақсаты да ауылшаруашылығына қажетті мамандарды даярлау еді. Алпыс жылдан астам уақыт ауылды жұмысшы мамандармен қамтып келген оқу орны әлі де сол ауылдың кіші буын мамандарына мұқтажын өтеп келеді. Өрине, уақыт уыста тұрмайды. Уақытында қажетін дөп басып, қоғамдағы тіршіліктің легімен бірге қадам басқан білім ордасы бір кездері кіші буын есепші мамандарды даярлады. Олар да бүгінде ауылдың қажетіне жарап, кірпіші болып қаланды. Сол сертіннен айнамаған кол-

ледж бүгінде атауы бірнеше рет өзгерсе де, мақсаты өзгермеді. Бір кездері ауданға ғана емес, аймаққа түгел механикатор дайындаса, қазір мал мамандарын даярлап, аудан, облыстың ғана емес, төңіректен ауылдың бүгінгі сұранысын өтеп отыр. Сөлемін «мал-жанының аман-дығынан» бастайтын қазақ үшін «малы - жанының садағасы». Өрине, әуелі жұмысшы мамандығын игеріп, шаруамен шыныққан, өмірдің түрлі баспалдағынан өткен тұлғалардың ішінен ұзақ жыл облысты басқарған Елеусін Сағындықовты мақтан тұтамыз. Осыдан 36 жыл бұрын біз

де осы оқу орнының дипломымен үлкен өмірге қадам басқанбыз! "Біз жастарға сапалы білім беріп қана қоймай, олардың еңбек нарығында өз орындарын табуына көмектесеміз. Біздің тұлғаларымыз – еліміздің ауылшаруашылығын дамытуға үлес қосатын білікті мамандар. Сондықтан, биылғы жыл техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға, жастарды еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға баулуға мұрындық болса дейміз..." - дейді Ойыл аграрлық колледжінің директоры Серік Займолдин. Өйткені, «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Өрі біз жұмысшы мамандықтарын дөріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», - деді Президент. Яғни, қоғамда еңбек жоғары бағалануы тиіс. Өйткені, кісі еңбегінің лайықты бағалануы – кез келген елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына әсер етеді.

Ойыл кәсіптік колледжі бүгін де уақыт көшіне ілесіп, еңбек нарығының талаптарына сай, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз етіп келеді. Жұмысшы мамандықтары – тек бүгінгі ғана емес, ертеңгі күннің де кепілі. Ойыл кәсіптік колледжі осыған дейін кәсіби білімге ұмтылған қаншама жасқа жол ашты?

**Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,  
Ойыл селосы.**

### КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

**АШЫҚ ЕСІК КҮНІ АЯСЫНДА ЖӨНЕ «ЗАҢ МЕН ТӨРТПІ» ИДЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫНА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, ОБЛЫС ПРОКУРОРЫ МЕН ӨНІР ӨКІМІ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІП, БИЗНЕСТІ ҚОРҒАУ ЖӨНЕ ИНВЕСТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ.**

Кездесуге мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың басшылары, сондай-ақ бейнеконференция режимінде «Бәйтерек» холдингі мен «KazakhInvest» ұлттық компаниясының өкілдері қатысты. Кездесу барысында облыс прокуроры Марат Әбішев прокуратура органдарының бизнес пен инвесторларды қорғау бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті. Прокуратура инвестициялық жобаларды сүйемелдеп, мемлекеттік органдар тарапынан болуы мүмкін заңбұзушылықтардың алдын алуда. 2024 жылы прокурорлар 30-дан астам инвесторға қолдау көрсетіп, экономикаға жалпы 345 млрд теңге инвестиция құйған. Сонымен қатар, Марат Әбішев инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың шешімдерін келісу, талап қорғарды беру, әкімшілік істерді қозғау, тексерістерді тағайындау, шарттарды бұзу және басқа да мәселелерді қамтитын «прокурорлық сүзгі» енгізілгенін айтты. Облыс әкімі Асхат Шахаров өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, соның ішінде инвестициялық жобаларды қолдау шаралары туралы хабардар етті. Ақтөбе қаласы-

ның халықаралық әуежайы базасында арнайы экономикалық аймақ құрылды, ол логистика, көлік және өңдеу өнеркәсібін дамытуға ықпал етеді. «Бәйтерек» холдингінің директоры Әлия Мырзағалиева Холдингінің инвестициялық жобаларды қолдауға мүдделі екенін атап өтіп, несие беру бойынша өзекті бағдарламаларды таныстырды. «KazakhInvest» ұлттық компаниясы басқарма төрағасының орынбасары Азамат Қожанов Бас прокуратурамен ынтымақтастықтың және инвесторлар алдында туындайтын мәселелерді жедел шешу үшін тиімді өзара іс-қимылдың маңыздылығын атап өтті. Кәсіпкерлер бизнес жүргізу, инвестициялық қызмет және құқықтық қорғау мәселелеріне қатысты бірқатар проблемаларды көтерді. Осыған байланысты облыс әкімі мен прокурор нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуын бақылауға алды. Сонымен қатар, кездесуде білік өкілдері мен бизнес-қоғамдастық арасындағы тұрақты конструктивті диалогты жалғастыру, сондай-ақ оның аралық нәтижелерін осы жылдың мамыр айында жоспарланған инвестициялық форум аясында талқылау туралы шешім қабылданды.

## АҚ ТҮТЕК БОРАНДА СӘБИ ӨМІРГЕ КЕЛДІ

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА СОҚҚАН АҚ ТҮТЕК БОРАН ӨНІР ТҰРҒЫНДАРЫН БІРАЗ ӨБІГЕРГЕ САЛДЫ. ҚАТТЫ ЖЕЛ МЕН ҚАРЛЫ БҰРҚАСЫН САЛДАРЫНАН АВТОЖОЛДАРДА ҚОЗҒАЛЫС ҚИЫНДАП, КЕЙБІР ШАҒЫН АУЫЛДАРДА КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ МҮЛДЕМ ТОҚТАП ҚАЛДЫ.**



Осындай күрделі жағдайда Ойыл ауданында төртіп сақшылары мен медициналық қызметкерлер күшейтілген режимде жұмыс атқарып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде зор үлес қосты. Боранды күні Ойыл ауданында ерекше оқиға орын алды. Толғағы қысқан жүкті әйелге дер кезінде медициналық көмек көрсетіліп, аман-есен сәби дүниеге келді. Бұл игі істі жүзеге асыруда Көсембай ауылының фельдшері Батима Қожақова, Саралжын дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері Ақтоты Жақияева және медбикесі Жанаргүл Жәнібекова, жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі Ернұр Мырзабаев зор еңбек сіңірді. Олар дер кезінде көмекке

келіп, ананы аман-есен босандырып, алғашқы медициналық қызмет көрсетті. Кейін ана мен сәби орталық ауруханаға жеткізілді. Аурухананың білікті мамандары аудан орталығында күтіп алып, ана мен баланың жағдайын тексерді. Қазіргі таңда ана мен баланың жағдайы жақсы, дәрігерлердің жіті бақылауында. Бұл оқиға ақ халатты абзал жандардың адам өміріне деген жауапкершілігі мен жанықарлық еңбегінің жарқын көрінісі болды. Күйбең тіршілікте мұқтаж жанға көмек көрсету үйреншікті нәрсеге айналған мамандық иелерінің алғашқы және соңғы көмегі емесі анық. Қиын жағдайда өз міндетін адал атқарған медицина қызметкерлері қандай құрметке де лайық!

## БИЗНЕСТІҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ақтөбеде адал бизнестің мүдделерін қорғау саласында «Атамекен» палатасы мен Экономикалық тергеп-тексеру департаменті (ЭТТД) арасындағы тиімді ынтымақтастық жалғасуда. Бүгін маңызды жоспар талқыланып, қол қойылды. Бұл болашақтағы бірлескен іс-қимылдарға негіз болмақ. Ынтымақтастық қолайлы бизнес ортасын құруға және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғауға бағытталған және қазіргі заманғы сын-қатерлер жағдайында ерекше маңызға ие.

2025 жылға арналған бірлескен іс-шаралар жоспары әзірленді. Құжатқа Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Дидар Боранқұлов пен облыстық ЭТТД басшысы Қуат Әбдіханов қол қойды. Құжат екі тараптың өзара іс-қимылын нығайтуға және Ақтөбе облысында кәсіпкерлік ортаны дамытуға ықпал ететін бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға негіз болады деп күтілуде. Ай сайын бизнес-қауымдастықпен кездесулер өткізіліп, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу және адал бизнесті қорғау бойынша ұсыныстар әзірленеді.




Сондай-ақ, Экономикалық департаментінің басшысы кәсіпкерлер палатасының алаңында жеке қабылдау өткізіп, оның қорытындылары БАҚ пен әлеуметтік желілерде жарияланып отырады. "Нәтижелі ынтымақтастық жалғасатын болады, оның ішінде облыс аудандарында көшпелі кездесулер өткізу тәжірибесі. Бизнес пен білік арасындағы сындарлы диалог кәсіпкерлерді қолдаудың тиімді саясатын қалыптастыру үшін негіз болады. Мақсат - кәсіпкерлерді жазалау емес, құқық бұзушылық фактілерінің алдын алу. Ал бизнеспен бір-

лескен іс — шаралар ең дұрыс тетіктер мен шешу жолдарын әзірлеуге мүмкіндік береді", - дейді департамент басшысы Қуат Әбдіханов. "Біз Экономикалық тергеп-тексеру департаментімен ашық және сындарлы қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз. Өткен жылы палата алаңында кәсіпкерлермен 25 кездесу өткізіліп, онда бизнесті жүргізудің өзекті мәселелері, туындайтын кедергілер мен оларды еңсеру жолдары талқыланды. Департамент өкілдері кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңестің

10 отырысына қатысып, бизнес үшін маңызды 13 негізгі заңнамалық мәселені бірлесіп қарады. 2024 жылы біз облыс аудандарында кәсіпкерлермен кездесулер өткізуге назар аудардық. Мұғалжар, Алға, Мәртеке, Қарғалы, Хромтау және Темір аудандарында 6 кездесу ұйымдастырылып, онда кәсіпкерлердің мәселелері жедел шешілді. Біз бизнесмендердің алдында тұрған кедергілерді еңсерудегі өзгерістерді көріп, осы жұмысты биыл жалғастыруды жоспарлап отырмыз, — деп атап өтті қол қою барысында Палата директоры Дидар Боранқұлов. — Біздің бірлескен қызметіміз бизнесті қорғау тетіктерін жетілдіруге, адал кәсіпкерлерді қылмыстық процестерге негізсіз тартудың алдын алуға және әкімшілік қысымды төмендетуге бағытталатын болады. Ең бастысы, кез келген тергеу әрекеттері алдын ала талдамалық жұмысқа негізделіп, бизнес-субъектілердің қызметіне араласпай жүргізілуі тиіс", — деп атап өтті ӨКП басшысы. «Атамекен» палатасы мен ЭТТД арасындағы ынтымақтастық – Ақтөбеде тұрақты және өркендеген бизнес-ортаны қалыптастыруға жасалған маңызды қадам.

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: МӘСЕЛЕЛЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ПАРТИЯНЫҢ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ, ПАРТИЯ АКТИВИ ЖӘНЕ АМАНАТТЫҚ ДЕПУТАТТАРДАН ҚҰРЫЛҒАН АРНАЙЫ ТОП ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША РЕСУРСТЫҚ КАБИНЕТТЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗДІ.



Сонымен қатар, педагогтар мен арнайы мамандармен кездесіп, ерекше қажеттілігі бар балаларға жасалып жатқан жағдайларды саралады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетудің маңыздылығын ерекше атап өткен болатын: "Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша инклюзивті қоғам қалыптастыруымыз қажет. Бұл – адамгершіліктің және өркениеттіліктің белгісі. Әсіресе, ерекше күтімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуына жағдай жасау – біздің басты міндетіміз."

Сонымен қатар, педагогтар мен арнайы мамандармен кездесіп, ерекше қажеттілігі бар балаларға жасалып жатқан жағдайларды саралады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ерекше қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетудің маңыздылығын ерекше атап өткен болатын: "Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін барынша инклюзивті қоғам қалыптастыруымыз қажет. Бұл – адамгершіліктің және өркениеттіліктің белгісі. Әсіресе, ерекше күтімді қажет ететін балалардың сапалы білім алуына жағдай жасау – біздің басты міндетіміз."

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Ойыл ауданының прокуратурасы кәсіпкерлердің құқықтарының сақталуына қатысты тұрақты түрде мониторинг жүргізіп келеді. Бұл ретте 2023-2024 жылдарда жергілікті атқарушы орган мемлекеттік сатып алу аясында орындалған 30 шарт бойынша шарттың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында енгізген 27 кәсіпкерге 1 458 299 теңге кепіл журналарын қайтаруға шаралар қабылдамаған.

АНА ТІЛІ - ҰЛТТЫҒЫЗ АРҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ 7-БАБЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ҚАЗАҚ ТІЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНЫ НАҚТЫЛАНҒАН.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабына сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Ойыл аудандық сотында барлық іс қағаздар мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2024 жылы 2340 кіріс құжат түссе, оның ішінде қазақ тілінде 1737 құжат, ресми тілде 603 құжат тіркелді, шығыс құжаттары бойынша барлығы 1479 құжаты тіркеліп, оның барлығы да қазақ тілінде шығарылды, ішкі құжаттар бойынша 178 құжат тіркеліп, барлығы да қазақ тілінде тіркелді.

Қадағалау актісі бойынша кәсіпкерлердің құқықтары қалыпқа келтірілді, бұзушылыққа жол берген тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар аудандағы ауылдық округтің әкімдігімен әлеуетті өнім берушімен шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілмегеніне қарамастан, шартты біржақты бұзуға және екінші жеңімпазбен шарт жасактамай, оның қызметіне кедергі келтірген. Аудан прокуратурасымен жауапты тұлға ӘҚБТК-нің 173-бабымен әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Кәсіпкерлер құқықтарының сақталуы аудан прокуратурасының басты назарында.

Ойыл ауданының прокуратурасы

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 4-бабына сай, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Ойыл аудандық сотында барлық іс қағаздар мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2024 жылы 2340 кіріс құжат түссе, оның ішінде қазақ тілінде 1737 құжат, ресми тілде 603 құжат тіркелді, шығыс құжаттары бойынша барлығы 1479 құжаты тіркеліп, оның барлығы да қазақ тілінде шығарылды, ішкі құжаттар бойынша 178 құжат тіркеліп, барлығы да қазақ тілінде тіркелді.

«АТА ЖОЛЫ» КАРТАСЫ: ҚАЗАҚТАР ОТАНЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕ АЛАДЫ



Этникалық қазақтарға – басқа елдердің азаматтарына Қазақстанда 10 жыл өмір сүруге және жұмыс істеуге құқық беретін 65 «Ата жолы» картасы берілді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, елімізде өз ісін дамытуға дайын бизнес-иммигранттар 27 карта алды, ал сұранысқа ие мамандар осындай 38 картаның иегері атанды.

«Ата жолы» картасын енгізудің мақсаты – тарихи Отанымен байланысты нығайту, ұлттық дәстүрлерді сақтау, Қазақстанда олардың әлеуетін іске асыру үшін елге кәсіпқойлар мен табысты бизнесмендерді тарту. Бұл Карта шетелде тұратын этникалық қазақтарға өз шығу елдерінің азаматтығын сақтай отырып беріледі. «Ата жолы» картасының иегерлері елге кірген кезде 10 жыл мерзімге тұруға рұқсат алады және еңбек қызметін жүзеге асыру немесе бизнес жүргізу үшін қоныстану өңірін дербес тандайды. «Ата жолы» картасы бар этникалық қазақ басқа елдің азаматы бола отырып, Қазақстан азаматтарымен және қандастармен тең құқықтарға ие. «Ата жолы» картасының иегерлері (және олардың отбасы мүшелері) мынадай құқықтарға ие: - медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық мекемелерде қызмет және әлеуметтік төлемдер алу; - ҚР Еңбек кодексіне және «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР Заңына сәйкес Қазақстан аумағында жұмысқа орналасу; - ҚР Кәсіпкерлік кодексіне және өзге де құқықтық актілеріне сәйкес Қазақстан аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру; - «Білім туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін орта білім алу, мемлекеттік орта арнаулы және/немесе жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін орта арнаулы және/немесе жоғары білім алу, жеке оқу орындарында ақылы білім алу; - «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу; - азаматтық саласындағы халықаралық шарттарға және ҚР заңнамалық құқықтық актілеріне сәйкес жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығын алу. «Ата жолы» картасы бар адамдардың ҚР Парламенті мен мәслихаттарына сайлануға, сондай-ақ сайлауда дауыс беруге, республикалық референдумға қатысуға құқығы жоқ әрі мемлекеттік қызметке қабылданбайды. Егер «Ата жолы» картасының иесі Қазақстан азаматтығын алатын болса, онда Карта жарамсыз деп танылады.

kaz.inform.kz

КОНКУРС КОНКУРС КОНКУРС

«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «ҚАМҚОР» ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

1.Лауазымдық міндеттері: - отбасын қолдау орталығының (бұдан әрі –Орталық) өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды; - шешім қабылдайды, Орталық мүлкінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді; - Орталық қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды; - барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін мемлекеттік отбасылық саясат саласын дамытуға және жетілдіруге бағыттайды; - Орталықты білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту, жұмыскерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, оңтайлы еңбек жағдайларын жасау, еңбек заңнамасының, еңбек тәртібінің талаптарын сақтау жөнінде шаралар қабылдайды; - жұмыскерлердің еңбек уәдесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді; - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады; - барлық жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер, бұйрықтар

шығарады және тапсырмалар береді; - жоғары тұрған орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа жұмыскерлерді қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, көтермелеу шараларын қолданады және қызметкерлерге тәртіптік және қолданады; - құрылымдық бөлімшілер орынбасарларының, басшылардың және қызметкерлерінің міндеттерін бөледі; - Орталықтың жұмыс жоспарларын бекітеді, олардың орындалуын ұйымдастырады және бақылайды; - жоғары тұрған органға жоспарлы-есепті құжаттама ны дайындауды және ұсынуды ұйымдастырады; - ол болмаған кезеңде өз өкілеттігін орынбасарларының біріне жүктеу туралы бұйрықтар шығарады; - заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді; - қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру тәртібі мен жоспарларын бекітеді; - шарттар жасасады, сенімхаттар береді; - сотта, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Орталықтың мүліктік және өзге де мүдделерін білдіреді;

- жұмыстың ұтымды нысандары мен әдістерін практикаға енгізу, Орталықтың материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде шаралар қабылдайды. Санаты: А1-3; Лауазымдық жалақысы: қызмет өткерген жылдарына байланысты: 279 000 теңгеден 300 000 теңгеге дейін. 1.Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: 1)гуманитарлық ғылымдар немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес не құқық (құқықтану, халықаралық құқық) немесе білім немесе журналистика және ақпарат және электрондық цифрлық жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім; 2) жұмыс өтілі: -қалалық, аудандық орталықтар үшін-аталған санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі кемінде 4 (төрт) жыл, оның ішінде басшы лауазымдарында кемінде 2 (екі) жыл. Білуі тиіс: - Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі-Конституция); - «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексын (бұдан әрі - «неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекс);

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексын (бұдан әрі-Бюджет кодексі); - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексын (бұдан әрі-Еңбек кодексі) - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексын (бұдан әрі-Азаматтық кодекс); - Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексын (бұдан әрі-Әлеуметтік кодекс); - Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексын (бұдан әрі-АППК); - «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын-алу туралы», «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», Қазақстан Республикасының заңдарын; - «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысын (бұдан әрі-Үкіметтің №1193 қаулысы); - мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді;

ді нормативтік құқықтық актілерді; - мемлекеттік отбасылық саясатты іске асырудың негіздері, - қағидалары мен бағыттарын; - мемлекеттік отбасы саясаты саласындағы отандық және шетелдік тәжірибені; - ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін; - еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін; - ішкі өлеуметтік және еңбекті қорғау талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, санитариялық қағидаларды білу қажет. 1.Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады: 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін; 3) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндемесі; 4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері. 5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері; 6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын

бөкіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелінген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама. Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігі нарттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.с.) бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі. Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Ойыл ауылы, Шернияз көшесі, №49 мекенжайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі). Толық ақпаратты +7 (71332) 2-19-42 телефоны бойынша алуға болады.

**САҒЫН ДЫҚ РАХЫМЖАН**

-Әй, Теңіз, барсың ба, егінге жылқы түсті, жүгір бар...  
Күркіреген дауыс Құттыбай-дікі. Қырсығу қанында жоқ бұл атып шықты. Есік пен төрдей жирен қасқаның үстінде Құттыбай отыр. Өзі ірі адам, екі иығына екі адам мінгескендей жауырынды, қарны ердің алдыңғы қасын жауып тастаған. Қазір, - деді де шарбаққа іле салған қайыс жүгенді алып, сусылдаған жиреннің артынан емлендей жөнелді.

-Жүгеніңді ал да, түс алдыма. Ауылға ең жақын алқап бес жүз қадамдай ғана жерде. Жыл сайын дақыл ауыстырып арпа мен бидай, жүгеріні кезек егетін. Биылғы кезек арпада. Әжептәуір дән байланып қалған масақты сүйсіне опырып, күрт-күрт шайнап тұрған үйірдің ішіндегі Василек көзіне оттай басылды. Торының әдемісі. Тұрысы да еліктей, мойнын созып шұлғып-шұлғып қояды. Бестіден шықса да тұрқы құнандай ғана. Сирақтары сидам, сырғиған ұзын, төрт аяғы шашадан ақ. Құйрық-жалы жылтыр қара, қою да емес, сұйық та емес, Маңдайынан танауына дейін созылған қасқа, құлағын қайшылап тұратын бұзаубас. Бұлларға үрке қарағанымен қашпады.

Он шақты жылқының ішінде өзінің де тұрысы бөлек, қараған жанның назарын өзіне бұратын көрікті жануар. Өзінің әдемілігін білетін сияқты, кербездігін көрсетейін дегендей билеп қояды.  
-Не ғып тұрсың қақшып, ұста! Теңіз Құттыбайдың көзіне тік қарауға жасқанып, Орликке қарай жүрді. Жүген ұстаған сол қолын артына тығып, оң қолын соза «құрау-құраулап» жақындағанда, «Василекті ұста» деді. Сасып қалды. Қалжыңы ма, тексергені ме, әйтеуір адам түсінбейтін, түсінсін деп ұмтылмайтын, әкім-қара болмаса, алдына келгенді тұқыртып, қойдай өрпізуге бейім жан. Билігі бар адамнан жасқанып, жақсам деп жалбағайлап тұратын жылпос.

-Орликті таскөкке беретін болдым, қойға жіберіп жатыр екен, әкеңе көмекші қылып...  
Құттыбай мен Серік құрдас, соны пайдаланып батыра сөйлейді. Серіктің ішетіні болмаса, тірі жанға қиянаты жоқ. Құттыбай жұрт алдында келемеждеп, жер-жебіріне жететін боғауыз.

Құрдастары ғана емес, бұны көрсе үлкен-кішінің бәрі қашақтап, әңгімелесе қалса тартынып тұрады. Өз әйелінен ғана ығады, ол бар жерде ауызды тыып, сөзден де, арақтан да тартынып отырады. Оң жоқ жерде аттың басын жібереді. Құрдастарының, «Құттыбай ат жегеді, Құттыбайды Мәрияш жегеді», дейтіні де содан шыққан. Қайбір жылы, жидекке барған жерінен аты қашып кетіп, Мәрияшты арбаға отырғызып өзі сүйреп келгені бар. Бұл жолы да, бәлені арақтан тауып жүрген құрдасын тұқыртпақ.

Айнып қалмаса екен деп, торы қасқаға беттеді. Жақтырақаны ма, жақтырмағаны ма, жалт бұрылып, тегетін сыңай танытты. Қос құлағын бірдей жымпып, пысқырып тұр. Теңіз сасып, шап беруге жүрегі дауаламады.  
-Әй, ноқай неме, ат та ұстай алмайды бұлар. Тұр былай, деді де, жанаса бері жиреннің үстінен еңкейіп барып, Василектің мойнынан құшақтап алды.

-Сал жүгенді, - деп ақырды. Оқыста қолға түсіп қалған Василек қанша жұлқынса да қа-

# ВАСИЛЕК

Әңгіме



рулы қолдан құтыла алмасын сезгесін, қос аяғымен кезек тарпып, оскырып тұр. Жүгенге сіңген бөтен иісті сезгесін көзі аларып, жұлқынуы да күшейді. Құттыбайдан бір, атың тебуінен екі қорқып, қолы дірілдеп жүріп жүгенді әрең кигізді. Сағалдырығын тартқасын ғана жуасыған секілді болғанымен, ауыздықтарда басын ала қашып тағы әуре-ге салды. Онда да Құттыбай араласып, құлағынан басқасын ғана ырқына көнді. Енді міну ғана қалды. Жалынан ұстап, қарғып мінбөкші еді, аяғы жетпей қалды. Тағы да Құттыбай көмектесті. «Боскет, ноқай, орыс» секілді небір сөзді босатты. Тұздықтап, жеті атасын да сыбап шықты. Өүпірімдеп жүріп өздер мінді. Жаз бойы семірген қойшының атындай емес, Василек сидаң, омыртқасы шодырайып жамбасқа батады. Қопандап қойып, тізгінді тартып қалып еді, енді жүре берген ат басын көтеріп қалғанда еңкейіп отырған бұның қақ маңдайынан сарт еткізді. Басы айналып, тізгінді қоя берді. Басы босағасын өбден тойып, шырышық атып тұрған жылқы ытырына жөнелгенде Теңіз ауып қалды. Бүк түсіп жатқан мұны көрген Құттыбай екіленіп кетті. -Жарымес, ат міну сенің не теңің, жаяу жүре бермейсің бе, мына түріңмен ертең арандап қалсаң, мен жауап беремін бе?

Басы айналып өкәтіп барады, маңдайын ұстап еді, дуылдатып аши жөнелді. Жүгеннің желкелігіндегі шығырмақ жырып кеткен секілді. Қайта тұрып, Құттыбай алға тартқан Василектің жалына тағы жармасты. Бұл жолы ашудан ба, ұялғанынан ба, бір ырғып мінді.  
-Тізгінді қатты тартпа, басын кежките береді бұл, тақымыңды қысып отыр, бұлт-бұлт еткенде қалай сыпырылып түскеніңді өзің де білмей қаласың.  
Құттыбай бұл жолы зекіген жоқ, аяғаны ма, әлде асығып тұр ма, жылқыны ойға айда деді де, жиренді сипай қамшылап жүріп кетті. Василек тақымды қысқан сайын ытырынады. Еркін отырайын десе, бұлған етіп сусылдата желе жөнелгенде қопандап ауып қала жаздайды. Амалсыздан оң қолымен жалынан тас қылып ұстап алды. Тізгінді де бос жіберген, тартса болды, басын жұлқа көтергенде жүрегі шайлығып қалғандықтан шалқалай қалады. Амалсыздан тізгінмен емес мойнынан сипай қақпақылдап бұрып келеді. Жылқыны шығарып, ойға түсірді де, үйіне қарай аяндады. Шосшаладан ескі ерді алып, салмақ болып еді, терсінді тоқымнан бөтен иісті сезіп, тыпырылып біраз әуре-ге салды. Теңіздің де шапшандығы шамалы, әрі

манағы құлағанынан кейін беті қайтып қалыпты, тыр-тырлап жүріп әрең ерттеді. Сықырлақ солдат ер жалпып сұлу торы аттың сиқын қашырып-ақ тұр. Мұндай келісті атқа қазақы ер жарасар еді, қайдан, ел ішінде ер шабатын да адам қалмады ғой, тіпті ықшам казак ері болса деп армандап қойды іштей. Василекке мінгелі Теңіздің өмірі өзгеріп сала берді. Әйтеуір өзіне солай көрінетін. Үркек ат екі-үш рет жалт еткенде ауып қалғаны да бар, үзеңгіден аяғын шығарып үлгеріп, аман қалды. Ессесіне бұрынғыдай бүкжимей, денесін тіктеп, тіпті шалқалап отыратын болды. Ұзын талдың басына брезент байлап, егінге кірген малды шықыртып ұрғанда, жауында кеткен кегін алғандай рахаттанады. Тіпті ауыл маңында бейсауат жайылып жүрген мал көрсе де тырқыратып қуғанына тілінің тікені бар кейбір әйелдер «мынаған билік тимей жүр екен ғой», «поленің деректері» деген айдар тағып, ат қойып алған. Ат мініп шалқып, көңілі жайланғасын Теңіздің бойына тәтті қиялдар жайылатын болды. Жұрттан бойын аулақ салып, көбіне жалқы жүрсе, енді топты адамды жағалайтындай болып қалған. Еліріп ортаға түспесе де, көпшілік жиылған жерден қақшақтамай, шетін ала тұра қалатын. Әсіресе өзі құралпы жігіттердің қыз-қырқын туралы әңгімелері майдай жағады. Бөтен емес, өз ауылының қыздары туралы айтылса, елең ете қалушы еді. Күләй туралы айтып қалмай ма екен деп құлағын түре түсетін. Иә, Күләйді ұнататын. Оған деген ынтық сезімі қашан пайда болғанын өзі де білмейді. Әйтеуір оны көрсе кеудесін ыстық кернеп, беті дуылдап шыға келеді. Ондайда бойын желік билеп, қамшыны басып-басып құйғытып шаба жөнелетін. Қыз-қырқын, жас жеңге көрсе қараптан қарап тұрып қысылатын әдет пайда болды. Сонысын білдіргісі келмей ылғи желдіре шауып жүретін. Онысын үлкендер жақтырмай, қаманат хабар жеткізедей, ауылға қарап шапқаны несі деп жазғырушы еді. Әйтеуір іші алай-дүлей болып жүретін Теңізді ешкім түсінбеуші еді. Түсіндіремін деп басын қақтырған да емес, жұмысына тыңғылықты, таң атқаннан, ел жатқанша ат үстінде түспей егін қорыған жұмысшы басқармаға да жаққан. Қыста күзететін егіс жоқ, сондықтан шөп-сабан үйілген қойманы күзетуге жіберген. Бұл жердің жұмысы тіпті сұмдық екен, көзін ала бере қағып кеткісі келетіндер көп. Әсіресе сүрлемнен дөметкендер көп. Қырға қар молынан түседі. Тебіңдей алмайтын қой жарықтықты қамап ұстамаса, аштан қырылады. Әрі ауыл-

дың маңы егістік алқап болғасын, талғажау қылар шөп те жоқ. Әйтеуір, қойшылар үшін жаз деген демалыстың кезеңі. Төрт-бес ай қырда еркін тыныстап, бой жазатын уақыты. Қазаннан мамырға дейін жемшөпті шаналап тасып, әбден титықтайды. Сондықтан, жаз түссе арқаны кеңге салып, жадырап сала береді. Дегенмен, жылдың қай мезгілі болмасын қабағы бір ашылмай, салпақтап жүре беретіндер де бар. Ондайлардың жұмысы алға да баспай, артқа да кетпей, әйтеуір күнделікті жұмысын күйттеп жүретін еңбекторлар. Алдындағы малын шашау шығармай, жұмсаған жеріне жүре беретін жаны сірі қойшылардың бірі Жаңбырбай еді. Басқа шопандар шұрайлы, алыстағы жайлауға қонса, бұныкі ауылдың маңы. Теңіз көп алысатындардың бірі де осы. Етке өткізуге бордақылау үшін қойылған ісектер болғасын жақын маңда ұстайды. Жайбасар Жаңбырбай қозғалғанша бойдақ мал масағы енді байланған егінге андыздап құлайды. Ондайда Теңіз жаңшырып жетіп, малын сабап, кейде араздасып қалатындары да бар. Әйтеуір, екеуі де сөзшен емес, бір-бірімен көбіне көзбен атысып қана кетеді. Кейде шылымы болмай қалса Жаңбырбайдың махоркасына ортақтасатыны бар. Қонышынан шығарған газеттің шетінен жыртып алып, бармақтай қылып орап шегеді. Кей-кейде Жаңбырбай бұрқ еткізгенде түтіні аузы-мұрнынан ғана емес, құлағынан шыққандай да болып көрінетін. Мол қылып ораған самосадының түтіні жайылып, шашы да бықсып жатқандай болады. Құлағынан шығаратындай көрінеді дегені осы еді.  
Теңіздің көңілі кеткен Күләй осы Жаңбырбайдың қызы. Күләй да, тете ескен інісі Шеге де бесінші кластан кейін Арқандағы интернатта оқыды. Екеуі де оған дейін ауылдағы мектепке барып жүрді де, мұғалімдер күдер үзгесін, ауытқымасы бар балаларға арналған мектеп-интернатқа алынды. Сырттай екеуін де «Жаңбырбайдың қос бәдігі» деп атап кеткен. Негізі шешесіне тартқан болуы керек, Магрипа да жүріс-тұрысы ебедейсіз, сөзі түйеден түскендей дөрекі, қит етсе қарғап-сілеп шыға келетін кереуыз. Бұл үй қанша салақ болса да, төсек-орны күнде жуылып, керілген жіптен жайма мен шарбақтан матрас түспейтін. Соған қарағанда шыжың дейтін рас болса керек.  
Күләйдің өпенділігін де жырғып айтатын, кейде кемпірлермен де қалжыңдасып, жуастары бетін жыртып, адуындылары айғайлап жататын кездері де болады. Ал Шегенің шыжыңнан басқа да лақап аты жетерлік. Шикілсары, шегіртке, шитік, шикылдақ секілді ш-дан басталатын тағымсыз аттардың бәрін тәлі салған.  
Және бұлардың ешқайсысына да ренжімей, шақырғанына «әу» деп, ыржалақтап жүре береді.  
Өткен жазда бір күні алқап аралап жүріп, Жаңбырбайдың отарына барған. Келсе қой санап жатыр екен. Шопандардың қой санауының өз тәсілі бар. Шашпаның қақпасы біреу ұстап тұрады да, сыртқа шыққандарын елулеп санайды. Бұл жеткен кезде де Жаңбырбайдың даусы гүр-гүр етіп, «елу біреу, елу екеу, елу үшеу», деп айғайлап тұр екен.  
**(Жалғасы. Басы өткен санда) Adebiportal.kz**

**ОЙЫЛ АУДАНЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ТЕХНИКАЛАРЫН 2025 ЖЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЙҚАУДАН ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ**

Аудан көлеміндегі трактор өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиоративтік және жол құрылыс машиналарымен трактор тіркемелерінің, астық жинайтын комбайндарды жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу екі кезеңде, «Электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-портал (бұдан әрі – порталы) арқылы жүргізіледі.

**1-кезең.** Тракторлар, мелиорациялық, жол құрылыс машиналары жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.

**2-кезең.** Өздігінен жүретін ауылшаруашылық машиналары мен комбайндардың түрлерін, трактор тіркемелерін жыл сайынғы техникалық байқаудан өткізу.


№ р/с	Ауылдық кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер атауы	округтер, мөн	1-кезең Өтетін күні	2-кезең Өтетін күні
1	Ш.Берсиев атындағы а/о		14 - 16.04	08 - 09.06
2	Көптоғай а/о		19 - 21.04	10 - 11.06
3	Қараой а/о		22 - 23.04	15 - 16.06
4	Сарбие а/о		27 - 29.04	17 - 18.06
5	Ойыл а/о		04 - 06.05	22 - 23.06
6	Саралжын а/о		11 - 13.05	24 - 25.06
7	Қайынды а/о		14 - 15.05	29 - 30.06
8	Аграрлық колледж		18.05	
9	Ойыл орман шаруашылығы		19.05	
10	Ойыл электр жүйесі бөлімшесі		20.05	
11	«Көкжар» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны		21.05	

**Ескерту:** Ауылшаруашылығы машиналарына, тракторларға, астық жинайтын комбайндар мен трактор тіркемелеріне мемлекеттік техникалық байқау тұрған елді мекендерде өткізіледі.

**Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі**

## «САРЫ АУРУ» = БАСТЫСЫ БАУЫРҒА ҚАУІПТІ

**ВИРУСТЫҚ А ГЕПАТИТ ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ КЕҢ ТАРАҒАН ИНФЕКЦИЯЛАРДЫҢ БІРІ. БІРАҚ ТА ТАРАУЫ ДА ӨР ЖЕРДЕ ӨРТҮРЛІ. СЫРҚАТ КӨБІНЕСЕ БАЛАЛАР АРАСЫНДА ТАРАЙДЫ.**



Ересектер арасында 15-29 жастағылар жиі ауырады. Байланыстан және тұрмыстық жолмен беріледі.  
Бұл ауру маусымдық сипатқа ие, вирустық гепатиттің өршуі күзгі-қысқы кезеңде байқалады. Вирус ағзаға келесі жолдармен енуі мүмкін: сумен – инфекция жұқтырған адам ауыз суды тұтыну және жұқтырған кезде, шомылу кезінде, тамақ пен салаттар.  
Көкжелек, жемістер жеу нәтижесінде, ауру адамдармен тығыз байланыста болған кезінде, тұрмыстық заттар арқылы да жұғуы мүмкін.  
Ауырған адамдардан вирус сыртқы ортаға негізі нәжіспен бөлінеді.  
Инкубациялық кезеңі аяғынан бастап сырқаттың басталуына 7-10 күн қалғанда.  
Вирус сарғаю кезеңінің алғашқы күндерінде 1 аптаға дейін нәжіспен сыртқа бөлінеді. Аурудың алғашқы белгілері пайда болған кезде, сарғаю пайда болмай тұрған кезде дәрігерге жүгіну керек.

Алдын-алудың ең тиімді әдісі -вакцинация. Вакцинация тиімді әсер береді.  
А гепатитіне қарсы екі жастағы балалар және науқаспен ошақта байланыста болған он төрт жасқа дейінгі адамдар егіледі. Араға 6 ай салып екі рет егіледі.  
Сонымен қатар вирусты А гепатитінің алдын-алуда жеке бас тазалығының маңызы зор. Сондықтан, міндетті түрде дәретханадан соң, тамақтанар алдында қолды сабындап жуу керек. Қайнатылған су ішіп, кездейсоқ су көздерінен және қраннан су ішпестің, қолданар алдында көкөністерді жеміс- жидектерді мұқият жуыңыз.  
Кездейсоқ адамдардан немесе рұқсат етілмеген сауда орындарынан тамақтар сатып алмай, салауатты өмір салтын ұстану қажет.

**Ғ. ҚҰБАЕВ,**  
**Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

# Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.  
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 224 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525  
**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

